6. КОФЕҚАЙНАТҚЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ


1. Кофеқайнатқыш құрылғы түпқоймасымен бірге құрастырып жиналған – 1 дана.
2. Сүзгішті ұстауға арналған ұстағышы тұтқасымен бірге – 1 дана.
3. Екі шыны-аяқ кофені (кофенің екі порция мөлшерін) әзірлеу үшін арналған сүзгіш – 1 дана.
4. Кофе нығыздауышы және өлшеуіш қасық – 1 дана.
5. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
6. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.
7. Кепілдік талоны – 1 дана.
8. Құрылғының қаптау материалы (полиэтилен пакеті+ қаптама қорабы) – 1 дана.

7. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСПАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР ЖӘНЕ КОФЕҚАЙНАТҚЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Кофеқайнатқыш құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында немесе егер, кофеқайнатқыш құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған болса, алдымен кофеқайнатқыш құрылғыны, яғни оның ішкі қуыс жағын және тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-

жарақтарын таза, қайнатылған ыстық сумен бірнеше рет тазартып, шайып шыққан жөн, ол үшін кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарына тек қана таза, ішуге жарамды, салқын су құйып, кофеқайнатқыш құрылғы арқылы қайнатып алыңыз да, кофеқайнатқыш құрылғыны, яғни оның ішкі қуыс жағын және тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын қайнатылған ыстық суымен жуып, шайып жіберу керек, бұл тазарту үдерісі келесі тәсәлмен орындалуы қажет:

1. Кофеқайнатқыш құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында, құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап алып шығарыңыз, содан кейін оның сыртынан және ішінен барлық буып-түйетін қаптау материалдарын алыңыз, сонымен қатар, құрылғының сыртқы бетінен барлық жарнамаға қатысты жапсырмаларды алып тастаңыз.
2. Кофеқайнатқыш құрылғының сыртқы корпусын сәл ғана дымқыл матамен сүртіп шығыңыз.
3. Кофеқайнатқыш құрылғыны біртегіс, жазық, таза, қызуға қарсы беті бар үстельдің үстіне орналастырып қойыңыз.
4. Кофеқайнатқыш құрылғыдан оның суға арналған резервуарын шешіп алыңыз, содан кейін құрылғының суға арналған резервуарын тек қана қажетті деңгейге дейін салқын ауыз суымен толтырыңыз (кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырған кезде әрдайым судың қажетті мөлшерін қадағалаңыз, кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру барысында, оны судың максималды мөлшерінен, яғни «мах» белгісі бар меже сызығынан асыра толтырмаңыз) себебі, кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарында судың деңгейі, оның максималды мөлшерінен, яғни «мах» белгісі бар меже сызығынан асып кетпеуі керек. Кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарына су құйған соң, оны кофеқайнатқыш құрылғының сыртқы корпусына орнатып қойыңыз.
5. Құрылғының электрмен қоректендіретін желілік баусымының штепсельдік айыртетігін электрлік қоректену желісіне, ашалы розеткаға жалғастырып қосыңыз.
6. Сүзгіштің ұстағышын оның сүзгісімен бірге кофеқайнатқыш құрылғының ішіне орналастырыңыз, ол үшін сүзгіштің ұстағышын оның сүзгімен бірге кофеқайнатқыштың сыртында орналасқан ұстағыштың ұясына орналастыратын орынға төменнен жоғары қарай қондырып, сүзгіш ұстағышының тұтқасын мына белгісінің орналасқан жағынан, мына көрсетілген белгісінен сол жақ бағытына қарай, 45 градус бұрышта орналастыратындай етіп қойыңыз да, содан кейін сүзгіш ұстағышының тұтқасынан ұстап, оны оң бағытына қарай, шамалы 40-45 градус бұрышта, мына белгісіне дейін, ол тіреліп бекітілгенше бұрап, бекітіңіз. (Сонымен бірге сүзгіш ұстағышының тұтқасын бұрап, бекіткен кезде оған артық күш салудың қажеті жоқ!)



7. Үлкен (200мл кем емес) шыны-аяқты сүзгіш ұстағышының (сопло) шүмегінің астына, яғни шыны-аяқты тұпқоярының торында түтік тәрізді шүмегі орналасқан жерге, орналастырып қойыңыз, ал екінші шыны-аяқты капучинатор деген бөлігіндегі капучинатордың (сопло) шүмегінің астына орналастырып қойыңыз.

8. Кофеқайнатқыш құрылғының қуат беру көзін ажыратып қосатын ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ 1-батырмасын бір рет басып, кофеқайнатқыш құрылғыны іске қосыңыз, сонымен бірге, сол сәтте кофеқайнатқыш құрылғының іске қосылғанын көрсететін қызыл шамы жанады. Содан кейін кофеқайнатқыш құрылғы іске қосылып, қыза бастайды. Кофеқайнатқыш құрылғыдағы су қайнай бастайды, судың қайнау үдересінің аяқталуын күтпестен, кофе режимінің 2-батырмасын мына « » қалпына қойыңыз, сол сәтте құрылғының су сорғышы қосылып, суды жіберуді бастайды.

9. Буды жіберуге арналған басқару тұтқасын 6 сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз, капучинатордың (сопло) шүмегінен тұрақты су ағыны шыққанша күте тұрыңыз. Шыны-аяқты жартылай сумен толтырғаннан кейін, буды жіберуге арналған басқару тұтқасын 6 қайтадан кері қарай, ол тіреліп бекітілгенше бұрап, орналастырыңыз, сонымен қатар тұпқоярының торындағы шыны-аяқ, яғни сүзгіш ұстағышының (сопло) шүмегінің астында орналасқан үлкен шыны-аяқ сумен қажетті деңгейге дейін толығымен толғанша күте тұрыңыз.

10. Содан кейін 2-батырмасын қайтадан тағы бір рет басу арқылы судың құйылу үдересін тоқтатыңыз, екі шыны-аяқтан суды төгіп тастаңыз да, кофеқайнатқыш құрылғыдағы суға арналған резервуарында су қайнағанша күте тұрыңыз, сонымен бірге, суға арналған резервуарында су қайнаған кезде, кофе әзірлеу режимін 16 іске қосуға болатындығын көрсететін жарық индикаторы жасыл түспен жанады.

11. Қажетті деңгейге дейін қыздырылғын кофеқайнатқыш құрылғыны, яғни оның ішкі қуыс жағын және оның ішіндегі тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын

таза, қайнатылған ыстық сумен бірнеше мәрте жуып-шайып жіберу үшін осы тарауының 7, 8, 9, 10 тармағындарында көрсетілген нұсқамаларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді қайталап орындаңыз. Кофеқайнатқыш құрылғының қуат беру көзін ажыратып қосатын ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ 1-батырмасын бір рет басып, кофеқайнатқыш құрылғыны сөндіріңіз және оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электрлік қоректену желісінен ажыратыңыз. Содан кейін кофеқайнатқыш құрылғыдан оның суға арналған резервуарын ажыратып алыңыз да, оны таза сумен жуып, шайып шығыңыз. Суға арналған резервуарын жуып, шайып болған соң, оны тек қана қажетті деңгейге дейін салқын ауыз суымен толтырыңыз, кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырған кезде әрдайым судың қажетті мөлшерін қадағалаңыз, кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру барысында, оны судың максималды мөлшерінен, яғни «мах» белгісі бар меже сызығынан асыра толтырмаңыз, себебі, кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарында судың деңгейі, оның максималды мөлшерінен, яғни «мах» белгісі бар меже сызығынан асып кетпеуі керек. Кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарына су құйған соң, оны кофеқайнатқыш құрылғының сыртқы корпусына орнатып қойыңыз. Кофеқайнатқыш құрылғы кофе қайнатып, демдеп алу үшін дайын, яғни кофеқайнатқыш құрылғыны пайдалануға болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР! Кофеқайнатқыш құрылғыны алғашқы рет пайдаланған кезде немесе оны ұзақ үзілістен кейін қайта пайдаланған жағдайда, кофеқайнатқыш құрылғының суды жіберуге арналған су сорғышы жоғарылатылған шуда жұмыс істеуі мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс болып табылады, құрылғының суға арналған резервуарын магистральді сумен толтырғаннан кейін, шамалы 20 секундт өткеннен кейін шудың деңгейі аздап төмендейді.

КОФЕҚАЙНАТҚЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ АЛДЫН АЛА ҚЫЗДЫРУ




Алдымен дәмді және ыстық кофе әзірлеу үшін кофеқайнатқыш құрылғыны, яғни оның ішкі қуыс жағын және оның тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын, сонымен қатар, құрылғыға орналастырылған сүзгіні алдын ала қайнатылған ыстық сумен шайып, қыздырып алған жөн. Осылайша кофеқайнатқыш құрылғының суық бөліктері кофе қайнатып, демдеп алуға ешбір әсерін тигізбейді.

1. Кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын қажетті деңгейге дейін салқын ауыз суымен толтырыңыз (кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтыру барысында, судың деңгейін қадағалаңыз, құрылғының суға арналған резервуарын «мах» белгісінен асыра толтырмаңыз), себебі, кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарында судың деңгейі, оның максималды мөлшерінен, яғни «мах» белгісі бар меже сызығынан асып кетпеуі керек. Кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарына су құйған соң, оны кофеқайнатқыш құрылғының сыртқы корпусына орнатып қойыңыз.

2. Сүзгіштің ұстағышын сүзгісімен бірге кофеқайнатқыштың сыртында ұстағыштың ұясына орналастыратын орынға орнатыңыз, сүзгінің ұстағышын сүзгісімен бірге кофеқайнатқыш құрылғыға орнатқан кезде осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау жөніндегі нұсқаулар және кофеқайнатқыш құрылғыны пайдалану жөніндегі талаптар» тарауындағы 6 тармағында көрсетілген нұсқамаларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді орындаңыз.
3. Кофе құюға арналған алынбалы ыдысты немесе ыстық сусын құюға жарайтын шыны-аяқ сияқты сыйымдылықты сүзгіш ұстағышының (сопло) шүмегінің астына, яғни арнайы тұпқоярының торында түтік тәрізді шүмегі орналасқан жерге, орналастырып қойыңыз.
4. Кофеқайнатқыш құрылғыны, яғни оның электрмен қоректендіретін электрлі желілік баусымның штепсельдік айыртетігін электрлік қоректену желісіне жалғастырып, қосыңыз. Құрылғының буды жіберуге арналған басқару тұтқасы 6 сағат тілінің жүріс бағытымен бұралып, тіреліп тұрғанына көз жеткізіңіз.
5. Кофеқайнатқыш құрылғының қуат беру көзін ажыратып қосатын ON/OFF іске қосу/сөндіру батырмасын бір рет басып, кофеқайнатқыш құрылғыны іске қосыңыз. Кофеқайнатқыш құрылғы іске қосылған кезде, оның бетіндегі қызыл түсті жарық индекаторы жанады. Кофеқайнатқыш құрылғы қызып, суды жылытуды бастайды.
6. Кофе әзірлеу режимін 16 іске қосуға болатындығын көрсететін жарық индекаторы жасыл түспен жанғанша күте тұрыңыз, содан кейін кофе режимін іске қосып, ажырататын 2-батырмасын басыңыз. Су шыны-аяққа ағып, құйылған кезде, шыны-аяқ және қрылғыдағы сүзгіш пен сүзгіштің ұстағышы қайнатылған сумен шайылып, жылыды. Кофе режимін іске қосып, ажырататын 2-батырмасын қайтадан, тағы бір рет басу арқылы судың құйылу үдересін қолмен сөндіріп, тоқтатыңыз. Кофеқайнатқыш құрылғыны алдын-ала қыздыру үдерісі осымен орындалып, аяқталды.
7. Судың құйылу үдересі аяқталып, тоқтатылған соң, біршама уақыт бойы сүзгіш ұстағышының шүмегінен қайнатылған судың қалдықтары сүзгіштен ағады. Кофені салмас бұрын, құрылғыдан сүзгіштің ұстағышын ажыратып алыңыз, оның ішіндегі сүзгішті жақсылап сүртіп, құрғатып алыңыз. Шыны-аяқтан суды төгіп тастаңыз.

ЭСПРЕССО КОФЕНІ ӘЗІРЛЕП, ДЕМДЕП АЛУ ТӘСІЛІ

Қайнатылған сумен алдын-ала жуып- шайып дайындалған және қыздырылған кофеқайнатқыш құрылғы кофені қайнатып, демдеп алу үшін дайын болған кезде, оның 4-ші және 16-шы жарық индекаторлары үнемі жанып тұрады. Сүзгіш орнатылған бөлігіне қажетті мөлшерде өлшеуіш қасық арқылы ұнтақталған кофені салып толтырыңыз. Кофе ұнтағын сүзгіге салған соң, кофені сәл нығыздатып басыңыз, мұны нығыздауыштың көмегімен іске асыруға болады және сүзгіштің қыр- шегіндегі артық кофені алып тастаңыз.



Сүзгіштің ұстағышын ұнтақталған кофе салынған сүзгісімен бірге кофеқайнатқыш құрылғыдағы сыртында ұстағыштың ұясына орналастыратын орынға, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау жөніндегі нұсқаулар және кофеқайнатқыш құрылғыны пайдалану жөніндегі талаптар» тарауындағы 6 тармағында көрсетілген нұсқамаларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді орындап, орналастырып қойыңыз. Кофе құюға жарайтын шыны-аяқ сияқты сыйымдылықты сүзгіш ұстағышының (сопло) шүмегінің астына, яғни түтік тәрізді шүмегі орналасқан тұпқоярының торына орналастырып қойыңыз (екі шыны-аяқты да қолдануға болады, бірақта екі шүмектен келетін кофе бір шыныаяққа ағатындай етіп орналастырыңыз).

Кофе режимін/ қайнаған ыстық су режимін іске қосып, ажырататын 2-батырмасын басыңыз, сол сәтте кофеқайнатқыш құрылғының су сорғышы іске қосылып, суды жіберуді бастайды, сонымен қатар демделіп, қайнатылған кофе шыны-аяққа құйылып, бөліне бастайды.

Назар аударыңыздар! Кофеқайнатқыш құрылғыдағы бір жұмыс кезеңі эспрессо кофенің стандартты (50 - 70мл) порция мөлшерін әзірлеп, демдеп алу үшін есеппен мөлшерленіп көзделген. Егер сізге кофе сусынның көбірек қажет болса, жасыл түспен жанатын жарық индекаторын қадағалаңыз және бұл жарық индекаторы сөнген жағдайда, 2-батырмасын қайтадан бір рет басып, судың құйылу үдересін сөндіріп, тоқтатыңыз. Жасыл түспен жанатын жарық индекаторы жанғанша күте тұрыңыз, содан кейін кофе сусынның қажетті порция мөлшерін әзірлеп, демдеп алу үшін кофе сусынның дайындалуын жалғастырыңыз. Кофе әзірлеу барысында, жұмыс істеп тұрған кофеқайнатқыш құрылғыны ешқашан қадағалаусыз қалдыруға ұсынылмайды, себебі, кофенің автоматты мөлшерлеуі қамтамасыз етілмеген. Кофе әзірлеу барысында шыны-аяқ қажетті деңгейге дейін толған кезде, кофе режимін іске қосып, ажырататын 2-батырмасын қайтадан, тағы бір рет басу арқылы судың құйылу үдересін қолмен сөндіріп, тоқтатыңыз.

Судың құйылу үдересін сөндіріп, тоқтатқан соң, біршама уақыт бойы сүзгіш ұстағышының шүмегінен демделіп, қайнатылған кофенің қалдықтары ағады.

Кофені әзірлеп, демдеп алған соң, кофеқайнатқыш құрылғыдан сүзгіштің ұстағышын сүзгісімен бірге ажыратып алуға болады, сонымен қатар сүзгішті оның ұстағышында топсалы қысқышы арқылы ұстап тұрып, сүзгіден ұнтақталған кофенің қалдықтарын сілкіп, қағып тастауға болады. Сүзгіштің ұстағышы және сүзгіш бөлке температурасына дейін суығанша күте тұрыңыз, содан кейін сүзгіштің ұстағышын және сүзгішті ағын жылы судың астында жуып, шайып шығыңыз, сүзгіштің ішкі саңылауларын қарап шығыңыз, егер олар бітеліп қалған болса, оны кофе қалдықтарынан майда қалшықпен тазартыңыз, және бұл аталған бөлшектерді тек қана жұмсақ, құрғақ матамен немесе ысқыштың көмегімен құрғатып сүртіп шығыңыз.

Кофеқайнатқыш құрылғымен пайдаланып болған соң, оны жақын арада әрі қарай пайдалануды жалғастыруды жоспарламасаңыз, құрылғыдағы «ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ» 1-батырмасын басу арқылы қыздыруды өшіріңіз және құрылғының электр желілік баусымның айыртетігін жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыратып алыңыз.

Сондай-ақ, кофеқайнатқыш құрылғының басқару батырмаларын соңғы рет қолданып, басқан соң, 30 минут уақыт аралығында, яғни аталған соңғы әрекеттерден кейін, құрылғыны бұдан әрі қолдану үшін оның басқару батырмаларымен ешқандай әрекет жасалмайтын болса, іске қосылып тұрған құрылғы автоматты түрде сөнеді

КАПУЧИНО КОФЕНІ ӘЗІРЛЕП, ДЕМДЕП АЛУ ТӘСІЛІ

1. Капучино кофені әзірлеп, демдеп алу үшін осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың эспрессо кофені әзірлеп, демдеп алу тәсілі тарауындағы көрсетілген нұсқамаларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді орындаңыз.

2. Сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу үшін диаметрі кем дегенде 7 см болып келетін, үлкен сыйымды шыны-аяқты қолдануға кеңес беріледі, сонымен қатар, сүттің көлемі 2-3 есеге ұлғаятынын назарға алыңыз, сондықтан шыны-аяқтың биіктігі, яғни оның ернеуі биік болғаны жөн, сонымен ыдыс құйылатын кофенің мөлшеріне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Көбіктің тұрақтылығымен оның сапасы пайданылатын сүт құрамындағы болатын барлық компоненттердің қасиеттеріне тікелей байланысты, сол себепте, сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу үшін майсыздандырылған сүтті қолдаңбаңыз, қою майлы (3,5-10%) сүтті қолданыңыз, пайдаланатын сүтті 1 - 5 градус температураға дейін мұздату керек, сүтті шамамен 2 см биіктікте шыныаяққа құйыңыз. Егер кофеге қант салуға қажет болса, яғни қант қосылған кофені әзірлеу қажет болса, онда қантты бірден сүтке салу керек.

3. Сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу режимін іске қосып, ажырататын 3-батырмасын басыңыз да, судың температурасы жұмыс температурасына дейін жеткенше күте тұрыңыз – сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу режимін іске қосуға болатындығын көрсететін жарық индикаторы (5) жанады.

4. Буды сәл ғана аздап жіберу үшін буды жіберуге арналған басқару тұтқасын (6) сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, ашыңыз, сол сәтте құрылғыдағы буды шығаратын түтік тәрізді шумегінен бұмен бірге

түтіктердегі қалған біршама мөлшердегі су бөлек ыдысқа бөлініп шығуы керек.

Сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу режимін іске қосуға болатындығын көрсететін жарық индекторы (5) қайтадан жанғанша күте тұрыңыз, содан кейін сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеуге кірісіңіз.

5. Буды шығаратын түтік тәрізді шүмегінің (9) астына сүт құюға арналған резервуарын орналастырып қойыңыз. Буды жіберуге арналған басқару тұтқасын (6), оның ең жоғарғы, максималды қалпына жеткенге дейін, сағат тіліне қарсы бағытта баяу жылжытып, бұраңыз, сонымен бірге, сол сәтте буды шығаратын түтік тәрізді шүмегінен бу шыға бастайды. Буды шығаратын (сопло) түтік тәрізді шүмегін сүтке 2см-ге дейін орналастырыңыз. Сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбіктің қажетті көлемін алу үшін, сонымен қатар, оның жақсы нәтижесіне қол жеткізілмегенше, сүт құйылған сыйымдылықты жеңіл ауыстыру арқылы қалын кілегейлі көбіктің әзірлеу үдерісін басқарыңыз. Содан кейін, буды жіберуге арналған басқару тұтқасын (6) сағат тілінің жүріс бағытымен баяу жылжытып, ол тірелгенше бұраңыз.

Сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу барысында, будың қарқындылығы айтарлықтай төмендейтін болса, сонымен бірге сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу режимнің іске қосуға болатындығын көрсететін жарық индекторы (5) сөніп қалатын болса, бу жіберуді 6-тұтқасының көмегімен тоқтатыңыз, сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеу режимін іске қосуға болатындығын көрсететін жарық индекторы (5) жанғанша күте тұрыңыз, содан кейін сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеуді жалғастырыңыз.

6. Содан кейін, алдын- ала қайнатып әзірленген эспрессо кофеге сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін құйыңыз, эспрессо кофені сүт көбігімен қажетті пропорцияда араластырыңыз. Сонымен сіз қаймақ қосылған кофе әзірледіңіз, бұл танымал каппучино кофе болып шықты.

7. Кофеқайнатқыш құрылғымен пайдаланып болған соң, құрылғыны жақын арада әрі қарай пайдалануды жалғастыруды жоспарламасаңыз, сондай-ақ сүттен көпіршіген қалын кілегейлі қаймақ көбігін әзірлеуді аяқтасаңыз, капучинатордың (сопло) шүмегін сүттің қалдықтарынан дереу жуып, шау керек, ол үшін буды жіберу режимін іске қосатын 3-батырмасын басыңыз (құрылғыдағы 5-жарық индекторы сөнеді және оның 16-жарық индикаторы жанады), қайнаған ыстық суын құюға жарайтын, шыны-аяқ сияқты үлкен сыйымдылықты капучинатор деген бөлігіндегі капучинатордың (сопло) шүмегінің астына орналастырып қойыңыз, содан кейін буды жіберуге арналған басқару тұтқасын (6) сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз, капучинатордың (сопло) шүмегінің астына орналастырып қойылған ыдысқа капучинатордың шүмегінен бумен бірге түтіктердегі қалған біршама мөлшердегі су шыққанша күте тұрыңыз. Сүт қалдықтарынан бу түтіктерін жуып, шауға болатын қайнаған судың тұрақты ағынын алу үшін кофе режимінің/ыстық су режимінің 2-батырмасын басыңыз. Содан кейін 2-батырмасын қайтадан тағы бір рет басу арқылы судың құйылу үдерісін тоқтатыңыз, буды жіберуге арналған басқару тұтқасын (6) сағат тілінің жүріс бағытымен баяу жылжытып, ол тірелгенше бұраңыз. Кофеқайнатқыш құрылғының қуат беру көзін ажыратып қосатын «ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ » 1-батырмасын бір рет басып, кофеқайнатқыштың қуатын өшіріңіз, содан кейін кофеқайнатқыш

құрылғыдан буды шығаратын түтік тәрізді шүмегін (9) ажыратып алыңыз да, оны жуып, шайып тазартыңыз, ал бу түтігін сүт қалдықтарынан тазартып алу үшін, оны дымқыл жұмсақ шүберекпен немесе жұмсақ ысқыштың көмегімен сүртіп шығыңыз. Абай болыңыз! Құрылғының бөлшектері мен бөліктері ыстық болуы мүмкін.

Сонымен қатар, шайды демдеп, қайнатып алу үшін және сусындарға қайнатылған су құйып, оларды сұйылту үшін жоғарыда көрсетілген тәсілмен қайнаған суға қол жеткізуге болады, ал капучинатордың шүмегі сүт қалдықтарынан алдын ала жуылып, шайылған болуы керек.

8. ҚҰРЫЛҒЫНЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Пайдаланып болған соң, кофеқайнатқыш құрылғының сөніп тұрғанына және құрылғының электр желілік баусымның айыртетігі жалғасып тұрған электрлік қоректену желісінен ажыралып тұрғандығына, сондай-ақ, құрылғының толық суығанына көз жеткізіңіз.
2. Суды төгіп, кофеқайнатқыш құрылғыны және оның тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын жуып тазартыңыз да, шайып шығыңыз.
3. Кофеқайнатқыш құрылғыны және оның тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөлшектері мен бөліктерін, сондай-ақ, оның керек-жарақтарын жақсылап құрғатып сүртіп шығыңыз, кофеқайнатқыш құрылғыны құрғақ, салқын жерде сақтаңыз.
4. Кофеқайнатқыш құрылғыдан оның сүзгіш ұстағышын ажыратып алыңыз және алынбалы сүзгіштерін алып тастаңыз, сақтау барысында олар құрылғыдан бөлек сақталуы керек.
5. Қолданылған кофеқайнатқыш құрылғының ішкі жағындағы магистраль торабында қалдырылған судың қатуын болдырмау үшін, сондай-ақ бұл құрылғының істен шығуын болдырмау үшін кофеқайнатқыш құрылғыны қоршаған ауа теріс температурада сақтауға мүлдем болмайды, әсіресе бұл құрылғы алдын – ала қолданылған болса, себебі, құралдың ішінде қалған су, қатып қалады да, кофеқайнатқыштың бөлшектерінің зақымдалуына немесе бузылуына әкеп соғуы мүмкін. Электрлік құрылғылар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C –тан аспайтын, және салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды, сондай-ақ, электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Электрлі құрылғыларды тасымалданатын нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құрылғыны тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық орама мен қаптама қорабын пайдаланыңыз. Құрылғыларды тасымалдау барысында оларды тікелей механикалық бүлінулерден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің,

атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

10. БҰЛ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАУАР РЕТІНДЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұл құрылғыны тауар ретінде өткізу жөніндегі ережелері белгіленген емес.

11. ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛҒАН ТҰРМЫСТЫҚ ЭЛЕКТРЛІК ҚҰРЫЛҒЫЛАР МЕН

ТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Ескертпе: Кофеқайнатқыш құрылғының пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін, бұл электрлік эспрессо кофеқайнатқыш құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өңдеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Осылайша, Сіз қоршаған ортаны өз септігіңізді тигізесіз.

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

12. АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

A) Сүзгіш тұтқышының (соплодан) шүмегінен ыстық су немесе кофе ақпайды.

- Суға арналған резервуарының суға толы екендігіне көз жеткізіңіз.
- Кофеқайнатқыш құрылғының жұмыстық бөлігіне ауа кірген шығар, сол себепте құрылғының сорғышы сөніп қалған шығар.
- Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Құрылғыны іске қоспас бұрын пайдалануға дайындау жөніндегі нұсқаулар және кофеқайнатқыш құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөніндегі талаптар» 6 тарауындағы көрсетілген нұсқамаларын башылыққа ала отырып, оған сәйкес қарастырылған әрекеттерді орындаңыз.
- Егер бұдан әрі аталған функциялар бұрынғы қалыпқа келмесе, қызмет көрсету орталығының білікті мамандарына хабарласыңыз.

B) Бу шығаратын түтік тәрізді (соплодан) шүмегінен бу шықпайды.

- Бу шығаратын түтік тәрізді шүмегінің ішкі жағында будың әсерінен қақ түрінде шөгінділер

пайда болған жағдайда, шөгінділерді тіс тазартқыш көмегімен тазартып, жойыңыз.

- Құрылғының суға арналған резервуарында су (деңгейін) мөлшерін тексеріңіз.

С) Кофе сүзгі ұстағышынан асып құйылады:

- Сүзгінің ішіне ұнтақталған кофенің көп мөлшері салынған шығар, сонымен бұл салдарынан сүзгінің ұстағышы кофеқайнатқыштың корпусындағы ұяшыққа мықтап бекітілмеді. Кофеқайнатқыш суығанша күте тұрыңыз, сипаттамаға сәйкес ұнтақталған кофе мөлшерін ескере отырып, кофе сусынды қайта дайындаңыз.

Д) Алғашқы порцияны әзірлеу барысында, кофе сүзгіш тұтқышының шүмегінен баяу ағады немесе мүлдем ақпайды.

- Ұнтақталған кофеге арналған сүзгішті тексеріңіз. Егер сүзгіштің саңылаулары бітеліп қалса, оларды тазарту қажет, ол үшін шағын қылшақты және бейтарап сабынды ерітіндісін не жуғыш/тазартқыш құрылғыларды жылы суға салып, пайдаланыңыз.

- Бұл мәселе кофеқайнатқыш корпусының ұяшығындағы тесілген дискіден судың жеткілікті мөлшерде ағып түспеуімен байланысты болуы мүмкін. Құралды бірнеше ай пайдаланғаннан кейін диск саңылаулары бітелу мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда дискті қылшақпен немесе тіс тазартқышпен тазарту қажет, содан соң кофеқайнатқыны қосыңыз, корпусқа бекітілген сүзгі ұстағышсыз құралға суды жіберу қажет. Су дисктің барлық саңылауларынан оңай түрде ағуы қажет, егер мұндай жағдай орын алмаса, диск бүлінді деген сөз, қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

- Суға арналған резервуар кофеқайнатқыш құрылғының корпусына дұрыс орнатылмаған шығар. Оны құрылғыға орнықты, берік етіп қойыңыз да, максималды жақынарақ орналастырыңыз.

- Кофені әзірлеу мақсатында суға арналған резервуарында судың мөлшері сорғыға тарту үшін жеткіліксіз. Кофеқайнатқыш құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырыңыз.

Е) Кофе сұйық және сұйық.

- Қолданылатын кофенің дәндері тым ірі болып тартылған.

- Кофеден қойылтылған және ыстық сусынды әзірлеу үшін кофе дәндері ұсақтау болуы тиіс (эспрессо кофеқайнатқыларына сәйкес болуы қажет).

13. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PCM 1531E Retro – POLARIS сауда таңбасымен шығарылатын тұрмыстық электрлік кофеқайнатқыш құрылғы

Қуаттылығы: 1100 Вт.

Кернеуі: 220-240 В.

Жиілігі: ~50 Гц.

Суға арналған резервуарының сыйымдылығы – 1,25 л

Қорғаныс жіктелімі: I

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады

14. СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ



Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғы қауіпсіздігі жөнінде» ТР ТС 004/2011, сондай-ақ «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі» ТР ТС 020/2011 талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Кепілдік мерзімі: 2жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының сыртқы жағында, оның техникалық төлқұжатында көрсетілген.

Өндіруші: POLARIS CORPORATION LIMITED / Поларис Корпорейшн Лимитед

Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Блок 1801, 18/Ғ, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ваньчай, Гонконг

Owner of TM Polaris: Astrata AG., Gewerbestrasse 5, Cham, canton Zug 6330, Switzerland

Иесі ТТ Polaris: Акционерлік қоғам Астарта, Гевербештрассе 5, Хам, Кантон Цуг, 6330, Швейцария

Ресей аумағындағы импорттаушы: «Поларис Инт» ЖШҚ

105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлмесі

Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағында өкілетті өкілі:

«ДС-Сервис» ЖШҚ, 109518, Мәскеу қаласы, Волжский желекжолы, 5-үй.

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефон нөмірі: 8 800 700 11 78

63

15. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Изделие: Кофеварка электрическая.....

Үлгі: PCM 1531E Retro

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 24 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды болып есептеледі:

1. Кепілдік міндеттеме «POLARIS CORPORATION LIMITED» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).

2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.

3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.

4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сондай-ақ бұйымның сыртқы түрінің өзгеруіне, яғни құрылғының бетінде сыртқы өзгерістер болған жағдайда таралмайды, егер де:

- Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;

- Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың қауіпсіздік техникасының ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;

- Пайдаланатын судың құрамында минералдық заттардың үлесі жоғары мөлшерде болған әсерінен минералдық түзілімдер, бұл қақ, сутасы және түзілген тұнбаның әкті түзілімдер орын алған жағдайда;

- Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металлдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;

- Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ, басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;

- Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеу жұмыстарын орындаған жағдайда;
- 5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақауы табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
- 6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

*Авторландырылған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көрсетілген: www.polar.ru

Жеткізуші құрылғыны тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ, модификациялау (жаңадан жасау; қайта жасау; қайта құрастыру; түрлендіру, өзгерту) құрылғының түрін өзгертіп, түрлендіру әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін жауапты емес.

